

**«Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім
бөлімінің « №5 жалпы білім беретін мектебі»КММ
Қамқоршылық кеңес отырысы
хаттамасы №2**

Өткізілген күні: 02.11.2022

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Мектепке жол акциясы туралы есеп беру

2. Отбасы сағатына қатысу

Өмірлік қиын жағдайға тап

болған, сәтсіздікке ұшыраған отбасыл жағдайларын бақылау туралы

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының міндетін атқарушы Г.Ж.Балапанова сөз алып, мектепке жол акциясы туралы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті. Биылғы жылдың 1-тамызынан 30 қыркүйегіне дейінгі аралықта республика бойынша «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілді. Аталған акцияның мақсаттары: мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту; міндетті орта білім алуға барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Мектеп мұғалімдері қайырымдылық акциясына байланысты «Мейірімділік» деректер қоры банксін құрып, демеушілерді тарту жұмыстары бойынша өз үлестерін қосты. Алдағы уақытта да бұл игі іс-шара жалғасын табады деп отырмыз. Демеушілерді тарту арқылы 10 оқушыға сөмке, оқу – құралдармен көмек көрсетілсе, 1 оқушыға мектепке керекті киім – кешек және оқу құралдармен қамтамасыз етілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары. Қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Саналы ұрпақ», «адал ұрпақ» деген клубтар құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

ШЕШІМ:

- 1.«Мектепке жол-2022» акциясы жұмысы жалғастырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру бойынша түсіндіріліп ,жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: *Басал* Кайпберген Б.К

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Нуркайланова С.К *Нуркайлан*

Нөкербекова А.К *Нөкербе*

Шоянов Қ.О *Шоянов*

Кәрім Н. М *Кәрім*

Макметов К.К *Макметов*

Ахметжанова И.К *Ахметжанова*

Кенжебекова А.М *Кенжебекова*

Каримова А.Е *Каримова*